

Қазақстанның мемлекеттік даму банкі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 ж. 18 қаңтар N 59. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.01.19. N 71 қаулысымен.

"Қазақстанның Даму банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 6 қыркүйектегі N 1849 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне енгізу үшін Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі (бұдан әрі - Даму банкі) құрылуына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс әзірлесін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісіне банк туралы заңдарды мамандандырылған мемлекеттік-банктердің қызметін ретке келтірудің статусы мен тәртібі туралы ережелермен толықтыру туралы ұсыныстар енгізу ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:
жыл сайын бюджеттердің жобаларында Даму банкісінің жарғылық қорын толықтыру мен кредиттік ресурстарын қалыптастыруға жұмсалатын шығындарды көздейтін болсын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісімен бірге Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі арасындағы келісіммен белгіленетін лимит шегінде Даму банкіне берілетін ұзақ мерзімді кредит ресурстарының 1995 жылға арналған тоқсандық көлемін белгілесін.

4. Даму банкі:

Қазақстанның Үкіметі белгілейтін елдің экономикалық дамуының басым салаларына сәйкес орташа және ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды қаржыландыру және кредит беру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенті;

Қазақстан Республикасы атынан Қазақстан Республикасы алатын және кепілдік беретін шетелдік орташа және ұзақ мерзімді инвестициялық кредиттердің (халықаралық қаржы ұйымдарының, агенттіктердің, сондай-ақ шет мемлекеттердің кредиттерін қоса) заемшысы және оның қызмет көрсету жөніндегі агенті;

қайтарылмайтын негізде республика бюджетіне көзделген сома шегінде немесе Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі белгілейтін лимит шегінде республика бюджетінің қаражат есебінен өтелетін шетелдік кредиттерді тарта отырып, салынып жатқан басым әлеуметтік объектілер құрылысын бюджеттен қаржыландыруға қызмет көрсету жөніндегі агенті деп белгіленсін.

5. 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы қаулының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан және (немесе) тапсырмасы бойынша Даму банкі шетелдік кредит берушілермен банкіаралық, жеке орташа және ұзақ мерзімді инвестициялық кредиттік келісімдер жасасып, оларға қызмет көрсететін болып белгіленсін.

6. Келісілген инвестициялық саясат жасау мен жүргізудің қажеттігін ескере отырып:

Даму банкі шаруашылық жүргізуші субъектілер ұсынған және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінде қаржыландыру үшін тіркелген жобаларды сараптауды, таңдауды, қажет болған жағдайда конкурстық негізде жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Даму банкісімен келісе отырып, қаржыландырылуына Даму банкінің өзінің, бюджеттің және шетелдік кредит берушілер мен инвесторлардан тартылатын қаражаты есебінен қалыптасқан қайтарылған кредиттік ресурстардың жалпы көлемінің 60 процентінен артпайтын мөлшері жұмсалатын құны 50 (елу) млн. АҚШ долларынан асатын инвестициялық жобалардың тізбесін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге беріп отырсын.

Құны жоғарыда аталған сомадан аз жобалар бойынша заемшылармен кредиттік шарттарды Даму банкінің Басқармасы белгілеген Қаржыландыру және кредит беру ережелеріне сәйкес Даму банкі жасасады;

Даму банкі өз кредит ресурстарының жалпы көлемінің 10 процентін салалық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан шағын бизнестің аса тиімді және өзін тез ақтайтын инвестициялық жобаларын жүзеге асыруға жұмсасын.

7. Даму банкі келесі күнтізбе жылында Даму банкі қаржыландыратын инвестициялық объектілердің географиялық орналасуын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің облыстық басқармаларының қаржыландыру және кредит беру бөлімдерінің құрамы мен мамандарын пайдалана отырып құрылатын облыстардағы филиалдарын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды аяқтасын.

1995 жылдың 1 наурызына дейін Қазақстан Республикасының Экономиканы қайта жаңғырту қорының қаражаты есебінен кредит берілетін объектілер жөніндегі қаржы және техникалық құжаттамаларды қабылдауды аяқтасын.

Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтық органдары Даму банкіне өзінің жаңадан құрылып жатқан бөлімшелерін орналастыруға үй-жай таңдап алуына көмектессін.

8. <*>

Ескерту. 8-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.06.12.

№ 813 қаулысымен.

9. Даму банкі басқармасының құрамы жеті адам болып белгіленсін.

Даму банкі Басқармасының төрағасы екі апталық мерзімде Басқарманың дербес құрамы жөнінде Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізісін.

10. Даму банкісіне:

Даму банкісінің Басқармасы төрағасының төрт орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын ұстауға;

еңбекақы төлеудің жүйесі мен мөлшерін және банк мамандарын материалдық ынталандыру мен әлеуметтік қамтамасыз етудің басқа да түрлерін дербес белгілеуге рұқсат етілсін.

11. Даму банкісінің Басқармасы төрағасының лауазымы медициналық және тұрмыстық қызмет көрсету жағынан министр лауазымына, ал басқарма төрағасы орынбасарларының лауазымы министр орынбасарларының лауазымына теңестірілсін.

12. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Даму банкісі Басқармасының төрағасын және оның орынбасарларын үкіметтік байланыс арналарымен, сондай-ақ қажетті көлемде телефон, халықаралық телефакс байланыстарымен көрсетілетін қызметті теңгемен өтелетін етіп бірінші кезекте қамтамасыз етсін.

13. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін "Қазақстанның Даму банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 6 қыркүйектегі № 1849 Жарлығымен және осы қаулымен сәйкестендіру жөнінде ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі